

Алпамыс батыр атындағы №40 мектеп-гимназиясы



Чернобыль Атом Электр Станциясы

апатының 30 жылдығына орай

Ерлік сабағы

Жүргізуші: АӘД пәнінің жетекшісі Ж.К.Мырзахмет

Шымкент – 2015 ж.

Сабақтың тақырыбы:

Чернобыль Атом Электр Станциясының апатына

30 ЖЫЛ

Мақсаты: Чернобыль апаты және Семей полигоны жайлы оқушыларға мағлұматтар беру, патриоттық сезімі жоғары, қайсар жауынгер ағалар ерлігін үлгі ету, осы қасіреттердің салдарынан қаза болған боздақтар рухына тағзым ету, олардың есімдерін құрметтеуге тәрбиелеу, елге, жерге деген сүйіспеншілігін арттыру.

Көрнекіліктер: залда ұлағатты сөздер жазылған. «Отан үшін отқа түс – күймейсің», «Адал ұл ер боп туса – ел тірегі» т.б.. Семей полигоны, Чернобыль апаты жайлы плакаттар ілінген. Залда баяу қасіретті музыка ойналып тұр.

Өтетін орны: мәжіліс залы.

АӘД пәнінің оқытушы-ұйымдастырушысының Ж.К. Мырзахметтің алғы сөзі.

1.Қысқаша Чернобыль апаты және Семей полигоны жайлы мағлұматтар айту.


- Қайырлы күн! Қадірменді ардагерлер, ұстаздар, оқушылар, қонақтар! Семей полигоны және Чернобыль апаты – бұл қасірет тарих бетіндегі мәңгі өшпес дақтардың бірі. Жас ұрпақ өз елінің өткен тарихы мен салт-дәстүрін білсе, еліне, жеріне деген сүйіспеншілігін арттырса, онда оның болашағынан зор үміт күтуге болады. Сондықтан біз сендерге патриоттық тәрбие беруге өз үлестерімізді қосуға тырысамыз. Патриот гректің сөзі, «Patriotes» – Отан, туған жер деген мағынаны білдіреді. Бүгінгі ерлік сабағының негізгі мақсаты – Семей полигоны, Чернобыль апаты жайлы мағлұматтар беру, оқушылардың туған жерге деген сүйіспеншілігін арттыру.
- Чернобыль апаты.



- 1986 жылдың 26 сәуірінде украинада Чернобыль АЭС-ның төртінші электрблогында жарылыс болды. Украинаның атом энергетикасының тұңғышы атанған Чернобыль атом электр стансысы адамзат тарихындағы ең үлкен техногендік апаттың символына айналды.



- Стансыда орын алған апаттың салдарынан 30 шақырымдай радиустың радиактивті улануға ұшырады. Украинадағы радиацияға уланған аумақтың жалпы ауданы 12 облысты қамтыды, 50 мың шаршы шақырымды құрады, ал ресейлік өңірдің 19 аумағында 60 мың шаршы метр аудан уланды, Беларусь елінде де ел халқының 20 пайызы тұратын 46,5 мың шаршы метр аумақ зардапқа ұшырады. АЭС-тен радиусы 30 км жерде тұратын халық басқа жерлерге көшірілді. Радиоактивті түгін Еуропаның 10-нан аса мемлекеттің 145 мың шаршы шақырым жерін ластады, кем дегенде 5 млн. адам зардап шекті. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы апаттан 4 мыңдай адам қаза тапты деп хабарлады. Апатты залалсыздандыруға Қазақстан азаматтары да тартылды.



- **Семей полигоны.** 1949 жылдың 29 тамызында сағат 7.00-де «Дегелең» тауында қуаты 20 килотонна болатын бірінші атом бомбасы жарылды. Содан бері бұл өңірде 500-ге жуық ядролық жарылыс болған. Полигонның әсерінен бірнеше мыңдаған адамдар қаза тапты. Өмір бақи денсаулығынан айырылған адамдар қаншама десеңізші. Осы қайғы-қасіретті ел ішінде жүріп көрген белгілі қоғам қайраткері, ақын Олжас Омарұлы Сүлейменов 1989 жылдың 28 ақпанында «Семей – Невада» қозғалысын ұйымдастырады. Бұл қозғалыс Семей полигонын жабуға үлкен үлес қосты. Еліміз егемен мемлекет болғаннан кейін 1991 жылдың 29 тамызында 42 жылдан кейін ҚР Президентінің жарлығымен Семей полигоны жабылды. Сол жылы 1200 континентаралық баллистикалық зымырандар ел ауқымынан шығарылды. Ядролық жарылыстан бас тартқан жер бетіндегі бес полигонның алғашқысын жапқан біздің елімізге ядролық державалар АҚШ, Ресей, Франция, Ұлыбритания, Қытай мемлекеттері еліміздің қауіпсіздігіне кепілдік берді. (бейнефильмдер көрсетіліп жатады.)
- Қадірменді ардагерлер, оқушылар, ұстаздар, қонақтар Семей полигоны және Чернобыль апатынан қаза тапқан азаматтарды орнымыздан тұрып, бір минут еске алайық.



1-оқушы: Зұлымдықты сіңіретін бойына
Адамзаттың не келмейді ойына
Адам өзі қолымен жасап барлығын
Адамзатты өз қолымен жоюда

Жер шарының дерті болып саналар
Полигонды тудырған да адамдар
Сол үшін де адамзаттың бойында
Үш ғасырлық жарақат бар, жара бар.

2-оқушы: Бұл оқиға! Бұл қасірет естілген,
Біз ұрпақпыз кейбіреуін кеш білген
Белгісі оның бесенеден белгілі,
Аяусыздан аяқ, қолды кестірген.

3-оқушы: Азаматты аямаған алапат
Ғасырларға ауа болып таралмақ,
300 жылдық полигонның зардабы
Келеді әлі жас ұрпақты жаралап.

4-оқушы: Тау мен тасқа қалса-дағы жығылып,
Ауасында жүрміз әлі тынығып,
Қанша жылдық Чернобыльдың зардабын
Жиі айтамыз көрмесек те ұғынып.

5 - оқушы: Біз ұрпақпыз қасіретті білмейтін,
Қасіретсіз тіршілікті сүйетін.
Жер шарының бал бақытын баяндап
Тұра берсін бейбітшілік деген ұлы есім.



2.Сұрақ – жауап, пікірталас сайысы

3.Мерекелік концерт

4. Шағын сейсмо-тренинг



Ерлік сабағын жүргізуші: Ж. Мырзахмет



Сұрақ – жауап, пікірталас сайысынан көрініс

Дайындаған:

№40 мектеп-гимназиясы АӘД пәнінің оқытушы-ұйымдастырушысы
Жүрсінәлі Мырзахмет